

СҰРАҚ БЕЛГІСІ

Жарнама мәтіндерінде бірнеше жағдайларда сұрақ белгісі қойылады. Атап айтқанда:

– *ма, ме, ба, бе, па, пе, ше* сұраулық шылаумен келген сұраулы сөйлемдерден кейін: *балшырын ұнатасыз ба? Онлайн дүкен. Іздегеніңізді таптыңыз ба? Сәнді бірге өзгертейік. Экологиялық жолға қадам басқыңыз келе ме? Біздің Conscious киім үлгілерін таңдаңыз.*

– жауапты қажет етпейтін риторикалық сұраулы сөйлемдерден кейін: *Біздің құрылғыларды kaspersky.kz қосымшасында бөліп төлеу арқылы ала аласыздар. Сіз үшін тағыз не істей аламыз? Заманауи үйде ең бастысы не? Әрине, жоғары жылдамдықты 5G Интернет.*

– сұрау есімдіктерімен келген сұраулы сөйлемдерден кейін: *Anta дегеніміз не? Бұл – әлемдік спорттық киім индустриясының алғашқы үштігіне сенсациялы түрде енген инновациялық спорттық корпорация.*